**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОЛ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2007 жылғы 30 мамырдағы N 20 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 4 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4699 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 бұйрығымен, 2012.07.01 бастап күшін жоятын 1-тармақтың 1) тармақшасын және 2012.02.01 бастап күшін жоятын 1-тармақтың 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда.

Ескерту. 2012.07.01 бастап күші жойылды деп танылсын - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 (5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 2-тармағын іске асыру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша олардың статистикалық есептілікті жүргізуін қамтамасыз ету мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Бекітілсін:

1) Күші жойылады - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 (5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2) Күші жойылады - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 (5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

3) Күші жойылады - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 (5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2011.11.16 № 109 (5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. "Азаматтардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОГ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 19 мамырдағы N 18 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3685 санымен тіркелген, "Азаматтардың өтініштерін қарау туралы" N 1-ОГ нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 19 мамырдағы N 18

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 74 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4506 санымен тіркелген) енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін;

2) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға уәкілетті субъектілер мен лауазымды тұлғаларға, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға орындау үшін;

3) орталық бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Комитет Төрағасына жүктелсін (Г.В. Ким).

5. Осы бұйрық, Ереженің 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тарауын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Бас Прокурорының м. а.*

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2007 жылғы 30 мамырдағы
N 20 бұйрығына 1-қосымша

## Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңының 5-бабына сәйкес "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында әзірленген және мынадай тәртіпті регламенттейді:

мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалардың (бұдан әрі - субъектілер), өз құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы лауазымды тұлғалардың (бұдан әрі - лауазымды тұлға) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу тәртібі;

субъектілердің, лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдарына жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерін ұсыну тәртібі.

## 2. Өтініштерді есепке алу

2. Жеке және заңды тұлғаның өтініші (жазбаша, ауызша, жеке қабылдаудан, электрондық түрде) субъектінің, лауазымды тұлғаның ведомстволық автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ААЖ) тіркеледі.

Тіркеуге алу жеке (заңды) тұлғаның өтінішін есепке алудың электрондық ақпараттық есепке алу нысанды-карточкасының (бұдан әрі - өтінішті есепке алу карточкасы) (1-қосымша) немесе өтініштерді есепке алу карточкасы есепке алу мәліметтерінің тізбесі бар ведомстволық ақпараттық есепке алу нысанының тиісті жиектерін толтыру арқылы субъектіге, лауазымды тұлғаға келіп түскен күні жүзеге асырылады.

Бастапқы өтінішті тіркеу кезінде оған кезекті реттік нөмір болып табылатын тіркеу нөмірі беріледі.

Реттік нөмірлену жеке тұлғаның өтініші үшін бөлек және заңды тұлғаның өтініші үшін бөлек біртұтас (толассыз) жүргізіледі. Жеке тұлғалардың ұжымдық өтініштерінің реттік нөмірленуі жеке тұлғалардың өтініштерімен бірлесіп жүргізіледі, заңды тұлғалардың ұжымдық өтініштерінің реттік нөмірленуі де осылайша жүргізіледі.

ААЖ жоқ болған жағдайда өтініш Жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында (осы Ережеге 2-қосымша) тіркеледі және өтініштерді есепке алу карточкасының қағаз нұсқасы толтырылып, ол өтініштердің есепке алу мәліметтерін ААЖ-не енгізу үшін субъектінің жоғары тұрған органына жолданады.

Өтінішті есепке алу өтініштерді есепке алу карточкасының тиісті жиектерін толтыру және олардың мәліметтерін мемлекеттік құқықтық статистикалық есептілікте көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Өтінішті тіркеудің алдында ААЖ бойынша тексеру жүзеге асырылады және өтініштің алдыңғы өтініштің қайталамасы ма, әлде қосалқы данасы ма екендігі белгіленіп, кейіннен осы тармақта жазылған тәртіпте тіркеу жүргізіледі.

Субъект, лауазымды тұлға жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерінің (жазбаша, ауызша, жеке қабылдаудан, электрондық түрде) Қазақстан Республикасының жазбаша өтініштерге арналған заңдарымен белгіленген мерзімнің ішінде ААЖ-нде сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың, ауызша өтініштің мәліметтері тіркелетін құжаттарды жүргізудің ұйымдастырылуын субъект, лауазымды тұлға белгілейді. Өтініштерді тіркеу және есепке алу осы Ереженің 2-тармағына сәйкес қабылдау күні жүзеге асырылады.

4. Субъектіге тікелей жазбаша жүгінген жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаның өкіліне тіркелген күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетілген белгіленген нысандағы талон (3-қосымша) беріледі.

5. Жазбаша өтінішті тіркеу кезінде оның бірінші бетінде мөртабан қойылып, тіркеу нөмірі мен тіркелген күні көрсетіледі.

6. Қазақстан Республикасы Парламентінің, облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттың депутатынан (бұдан әрі - депутат), басқа да мемлекеттік органдардан субъектіге, лауазымды тұлғаға қарау үшін келіп түскен жеке және заңды тұлғаның өтініші, өтініш бойынша ақпаратты қоса беру арқылы келіп түскен сұранымдар, депутаттық сұраным түрінде рәсімделмеген депутаттардың өтініштері осы Ережеге сәйкес тіркеледі.

7. Егер өтініште қойылған бірнеше мәселелердің ішінде субъектінің, лауазымды тұлғаның қарау құзыретіне кірмейтін мәселелер бар болса, олар аталған өтініштерді өз өкілеттіктеріне сәйкес тіркейді, шешеді. Шешу құқығы құзыретіне кірмейтін өзге мәселелерді қарау үшін өтінішті құзыреттеріне сәйкес субъектіге, лауазымды тұлғаға жібереді. Шешілген мәселелердің материалдарына өтініштің көшірмесі қоса беріледі.

Өтініш келіп түскенде оны қарау субъектінің, лауазымды тұлғаның құзыретіне кірмейтін болса, ол да тіркелгеннен кейін құзыреттеріне сәйкес субъектіге, лауазымды тұлғаға жіберіледі.

Мұндай жағдайларда субъектіге, лауазымды тұлғаға жолданатын ілеспе хатта міндетті түрде өтініштің тіркеу нөмірі мен тіркелген күні көрсетіледі.

Өтінішті құзыреттеріне сәйкес субъектіге, лауазымды тұлғаға жіберу туралы өтініш берушіге 3 жұмыс күнінің ішінде хабарланады.

8. Өтініштің қаралу мерзімі оның тіркелген кезінен бастап есептеледі.

9. Субъект, лауазымды тұлға өтініштің уақытылы, толық, айқын тіркелуін, жеке (заңды) тұлғаның өтініштері туралы есепке алу мәліметтерінің айқындылығын, толықтығын және Комитетке уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

## 3. Өтініштің қосалқы даналарын және қайталамаларын есепке алу

10. Қайталама өтініш келіп түскен кезде оған бастапқы өтініштің тіркеу нөмірі болып табылатын тіркеу нөмірі беріледі.

11. Әр түрлі адресаттарға жолданып, өтінішті қараудың белгіленген мерзімінің ішінде бір субъектіге (лауазымды тұлғаға) қарау үшін келіп түскен бір ғана тұлғаның бір ғана мәселе жөніндегі өтініші қосалқы дана ретінде есепке алынады. Өтініштің қосалқы данасының тіркеу нөмірі негізгі өтініштің тіркеу нөмірі болып табылады.

## 4. Субъектілердің жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерін электрондық форматта ұсынуы

12. Субъект, лауазымды тұлға Комитетке және оның аумақтық органдарына ағымдағы айда тіркелген жеке (заңды) тұлғаның өтініші туралы есепке алу мәліметтерін, сондай-ақ бұрын тіркеліп, ағымдағы айда шешім қабылданған өтініштер бойынша айдың соңғы жұмыс күнінде сағат 24-ке дейін Комитетпен айқындалатын электрондық форматта ұсынады.

Субъектінің, лауазымды тұлғаның орталық органдары (республикалық деңгейдегі) оларды Комитетке, ал Астана, Алматы қ.қ., облыстық деңгейдегі және соларға теңестірілген субъектінің органдары, лауазымды тұлғалар Комитеттің аумақтық органдарына ұсынады.

Облыстық деңгейдегі және соларға теңестірілген субъектілер, лауазымды тұлғалар өздерінің қарамағындағы барлық органдарда тіркелген жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерін Комитеттің аумақтық органдарына ұсынады.

Облыстық деңгейдегі жоғары тұрған органы жоқ субъект соған теңестірілген болып саналады.

13. Субъектілерден, лауазымды тұлғалардан келіп түскен мәліметтердің негізінде Комитет жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы орталықтандырылған деректер банкін жүргізеді.

## 5. Өтінішті есепке алу карточкасын толтыру

14. Өтінішті есепке алу карточкасында мынадай есепке алу мәліметтері бейнеленуге жатады (1-17-тармақтардың мәліметтері тіркеу кезінде толтырылып, Комитетке (оның аумақтық органдарына) тіркеу айының соңғы күнінде сағат 24-ке дейін жіберіледі, ал 18-25-тармақтардың мәліметтері өтініш орындалғаннан кейін толтырылып, Комитетке (оның аумақтық органдарына) өтініш орындалған айдың соңғы жұмыс күнінде сағат 24-ке дейін жіберіледі:

1-деректемеде: өтінішті тіркеген субъектінің, лауазымды тұлғаның атауы;

2-деректемеде: тіркеу деңгейінің коды: (1) - республикалық, (2) - облыстық, (3) - аудандық/қалалық, (4) - ауыл аймақтық;

3-деректемеде: өтініштің тіркеу нөмірі;

3.1.-деректемеде: қайталанған өтініштің белгісі, қайталап келіп түскен өтініштің санын білдіретін сан қойылады. Мысалы, "3" саны бастапқы өтініш бойынша үшінші қайталама өтініш келіп түскендігін білдіреді;

3.2.-деректемеде: өтініштің қосалқы данасының белгісі, қосалқы даналардың санын білдіретін сан қойылады. Мысалы, "4" саны негізгі өтініш бойынша төртінші қосалқы дана келіп түскендігін білдіреді;

4-деректемеде: өтініштің тіркеу күні;

5-деректемеде: өтініш нысанының коды: (1) - қағаз түрінде, (2) - электронды түрде, (3) - ауызша, (4) - субъекті басшылығының, лауазымды тұлғаның жеке қабылдауынан, (5) - субъекті қызметкерлерінің жеке қабылдауынан;

6-деректемеде: субъектіге жүгінген тұлғаның санаты: (1) - жеке тұлға, (2) - заңды тұлға;

6.1.-деректемеде: егер өтініште мәліметтері бар болса, жүгінген тұлғаның мәртебесі (анықтамалық бойынша, 4-қосымша). Тұлғаның бірнеше мәртебесі бар болған жағдайда - үтір арқылы анықтамалықтың барлық мағынасы бейнеленеді;

6.2.-деректемеде: жеке тұлғаның ЖСН немесе заңды тұлғаның БСН;

7-деректемеде: өтініш түрінің коды: (1) - ұсыныс, (2) - өтініш, (3) - шағым, (4) - үндеу, (5) - сұраным, (6) - анықтама алуға сұраным. Өтініштің түрін дәл бейнеленуді қамтамасыз ету үшін өтініштің мазмұнына бағдарлану қажет;

8-деректемеде: өтініш тілінің коды: (1) - қазақша; (2) - орысша; (3) - өзге тілде ;

9-деректемеде: анықтамалық бойынша өтініш себебінің коды (Ереженің 5-қосымшасы). Бірнеше кодтарды көрсету қажеттілігі болғанда олар үтір арқылы қойылады;

10-деректемеде: өтініш сипатының коды: (1) - ұжымдық, (2) - жеке;

11-деректемеде: өтініш мәселелері түрлерінің жүйесі бойынша өтініш мәселесінің коды (6-қосымша). Әр түрлі мазмұндағы бірнеше мәселелерді жанайтын өтініштер бойынша, соларға сәйкес кодтар үтір арқылы көрсетіледі;

12-деректемеде: өтінішті жіберген субъектінің, лауазымды тұлғаның атауы;

12.1.-деректемеде: өтінішті жіберген субъектінің, лауазымды тұлғаның сол өтінішті тіркеу нөмірі;

12.2.-деректемеде: өтінішті жіберген субъектінің, лауазымды тұлғаның сол өтінішті тіркеу күні;

12.3.-деректемеде: өтінішті басқа субъектіге жіберу туралы ілеспе хаттың шығыс нөмірі;

13-деректемеде: жүгінген жеке тұлғаның тегі. Ұжымдық өтініш берілген кезде осы деректемеде бірінші қол қойған жүгінушінің тегі көрсетіледі;

13.1.-деректемеде: жүгінген жеке тұлғаның аты;

13.2.-деректемеде: жүгінген жеке тұлғаның әкесінің аты;

14-деректемеде: заңды тұлғаның атауы;

15-деректемеде: жеке тұлғаның тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның почталық мекен-жайы, ұжымдық өтінішті беру кезінде мекен-жайы көрсетілмеген болса, оған жауапты жолдау қажеттілігі бар болғанда бірінші қол қоюшының мекен-жайы көрсетіледі;

16-деректемеде: өтініштің қысқаша мазмұны;

17-деректемеде: өтінішті орындауға бақылауды тағайындау коды: (0) - бақылау тағайындалған, (1) - бақылау тағайындалған жоқ;

18-деректемеде: өтінішті орындау үшін басқа субъектіге жіберу коды: (1) - төмен тұрған органға, (2) - аумақтық тиесілігіне қарай, (3) - ведомстволығына қарай, (4) - өзге елдердің мемлекеттік органдарына;

18.1.-деректемеде: өтінішті басқа субъектіге жіберу туралы ілеспе хаттың шығыс нөмірі;

18.2.-деректемеде: өтінішті орындау үшін басқа органға жіберу күні;

19-деректемеде: өтініш бойынша шешімнің коды: (10) - **қанағаттандырылған;** (11) - өтініш мәселелерін шешу құзыретіне кіретін төмен тұрған органға жүгінгеннен кейін жоғары тұрған органның қанағаттандыруы; **бас тартылған:** (20) - 12-баптың тәртібінде (шағымданудың 3 айлық мерзімі өтіп кету себебі бойынша бас тартылған), (21) - өзге де себептер бойынша; (30) - **түсіндірілген; қысқартылған** : (40) - 14-бап 7-тармағының тәртібінде (өтініштің қаралуын қысқарту туралы өтінішхаттың келіп түсуі), (41) - 11-бап 1-тармағының тәртібінде (жаңа дәлелдердің немесе қайта ашылған жағдаяттардың жоқтығы), (42) - өзге де негіздер бойынша; **қараусыз есептен шығарылған:** (50) - 5-бап 1-тармағының 1-тармақшасы бойынша (өтініштің жасырын болуы), (51) - 5-бап 1-тармағының 2-тармақшасы бойынша (мәселенің маңызы баяндалмаған болса), (52) - 10-баптың 2-тармағына сәйкес (қандай да бір ұсынымның, талаптың, өтінішхаттың, өтініштегі сұраныстың болмауы); (60) - бұрын берілген өтінішке **тіркелген**;

20-деректемеде: қанағаттандырылған өтініштер бойынша қабылданған шаралардың коды (кодтары) (Ереженің 7-қосымшасы):

01 - Қазақстан Республикасының заң бұзушылықтары жойылған

02 - Қазақстан Республикасының заң бұзушылық деректері бойынша материалдар құзыретті органға шаралар қабылдау үшін жіберілген

03 - ұйғарым енгізіліп, қанағаттандырылған

04 - наразылық енгізіліп, қанағаттандырылған

05 - талап-арыз беріліп, қанағаттандырылған

10 - қайталама өтініш (шағым) келіп түскен өтініштің орындаушысы тәртіптік жазаға тартылған

11 - қайталама өтініш (шағым) келіп түскен өтініштің орындаушысы

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жазаға тартылған

12 - субъект өз қызметін жақсарту бойынша ұйымдастырушылық шаралар қабылдаған

13 - нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылданған

20 - жеке тұлғаға қатысты тексеру жүргізілген

21 - шаруашылық жүргізуші субъектісінде тексеру жүргізілген

22 - мемлекеттік органда тексеру жүргізілген

30 - тексерудің нәтижелері бойынша кінәлілер материалдық жауаптылыққа тартылған

31 - тексерудің нәтижелері бойынша кінәлілер тәртіптік жауаптылыққа тартылған

32 - тексерудің нәтижелері бойынша кінәлілер әкімшілік жауаптылыққа тартылған

33 - тексерудің нәтижелері бойынша кінәлілер қылмыстық жауаптылыққа тартылған

40 - үндеу зерделеніп, материалдар талдау органына жіберілген

Аталған деректемені толтыру мысалдары:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны туралы өтініш бойынша, ол бұзушылықтар тексеруден кейін әкімшілік айыппұл салу арқылы жойылған - "01, 21, 32";

2) субъекті қызметкерінің теріс әрекеттеріне келіп түскен өтініш бойынша, ол әрекеттер расталып, сол қызметкерге тәртіптік жаза салынған - "10";

3) мемлекеттік органның нормативтік актісінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтіндігі туралы жазылған өтініш бойынша, прокуратурамен наразылық енгізілген - "01, 04";

21-деректемеде: орындалу мерзімі белгілі бір уақытқа ұзартылған күннің саны;

22-деректемеде: өтінішті орындаушының лауазымы, тегі, аты-жөні;

23-деректемеде: жүгінген тұлғаға жауапты жіберу күні;

23.1.-деректемеде: жүгінген тұлғаға жауапты жіберу туралы ілеспе хаттың шығыс нөмірі;

24-деректемеде: өтініш туралы есепке алу мәліметтерін субъектінің ААЖ-не енгізген қызметкердің лауазымы, тегі, аты-жөні. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу карточкасының қағаз нұсқасында карточканы толтырған қызметкердің тегі көрсетіледі;

25-деректемеде: есепке алу мәліметтерін ААЖ-не енгізу күні мен уақыты, олар автоматтық режимде компьютерден қойылады, соның ішінде

компьютердегі күн мен уақыт шын мәнінде ағымдағы күн мен уақытқа сәйкес болуы қажет.

## 6. Өтініштер туралы есепке алу мәліметтерін түзету

15. Комитетке жеке және заңды тұлғалардың өтініштері туралы есепке алу мәліметтерін жібергеннен кейін онда қате табылған жағдайда субъект, лауазымды тұлға ААЖ-нде көрсетілген мәліметтерді түзетеді және түзетілген есепке алу мәліметтерін қате табылған айда Комитетке жібереді.

Түзетілген мәліметтерді жібергенде субъектінің, лауазымды тұлғаның жолдама хатында түзету енгізудің себептері түсіндіріледі.

## 7. Қорытынды ережелер

16. Осы Ережемен белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу мен есепке алу тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес субъектілердің басшылары мен қызметкерлері, лауазымды тұлғалар жауапты болады.

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Ережесіне

**1-қосымша**

**Жеке (заңды) тұлғаның өтінішін есепке алу карточкасы**

1. **Өтінішті тіркеген субъектінің (лауазымды тұлғаның) атауы** ________________________________________________________________

1.1. **Субъектінің санаты ________ (1) -** мемлекеттік орган **, (2) -** жергілікті өзін-өзі басқару органдары, **(3) -** мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар

2. **Тіркеу деңгейі _____** (1) - республикалық, (2) - облыстық, (3) - аудандық/ қалалық, (4) - ауыл аймақтық

3. **Тіркеу нөмірі** N ________________

3.1. **Қайталама өтініштің белгісі** ____________________

3.2. **Өтініштің қосалқы данасының белгісі** ______________________

4. **Тіркеу күні** «"__" ______________ 2007 ж.

5. **Өтініштің нысаны:** (1) - қағаз түрінде, (2) - электрондық түрде, (3) - ауызша түрде, (4) - жеке қабылдаудан

6. **Тұлғаның санаты** ______ (1) - жеке тұлға, (2) - заңды тұлға

6.1. **Жүгінген тұлғаның мәртебесі** _______(анықтамалық бойынша коды, 4-қосымша)

6.2. **Жүгінген тұлғаның ЖСН (БСН)** ______________________

7. **Өтініштің түрі** : _______ (01) - ұсыныс, (02) - өтініш, (03) - шағым, (04) -

үндеу, (05) - сұраным, (6) - анықтама алуға арналған сұраным;
8. **Өтініштің тілі** ________ (1) - қазақша, (2) - орысша, (3) - өзге тілде
9. **Өтініштің себебі** _____ (анықтамалық бойынша коды - Ереженің 5-қосымшасы)
10. **Өтініштің сипаттамасы:** _________ (1) - ұжымдық, (2) - жеке
11. **Өтініштің сұрағы** ______________ (сұрақтар жіктегіші бойынша коды - Ереженің 6-қосымшасы)
12. **Өтініш қайдан келіп түскен** ______________ (субъектінің атауы)
12.1. **Тіркеу нөмірі** (өтінішті жіберген субъектінің өтінішті тіркеу нөмірі) N ___________
12.2. **Тіркеу күні** "_____" ______________ 20___ж. (өтінішті жіберген субъектінің өтінішті тіркеу күні)
12.3. **Ілеспе хаттың шығыс нөмірі** ______________________________
13. **Тұлғаның тегі** ___________________________________________
13.1. **Аты** _________________________________________
13.2. **Әкесінің аты** ____________________________________
14. **Заңды тұлғаның атауы** ________________________________________
15. **Почталық мекен-жайы** _____________ **облысы** ___________ **қаласы/ауданы** _____ **үй** __________ **пәтер**
16. **Өтініштің қысқаша мазмұны (аннотациясы)**___________________
___________________________________________________________
17. **Өтініштің орындалуына бақылау тағайындалған** ____ (1) - иә, (2) - жоқ
18. **Өтініш қайда жіберілген:** (1) - төмен тұрған органға, (2) - аумақтық тиесілігіне қарай, (3) - ведомстволық бағыныстылығына қарай, (4) - өзге елдердің мемлекеттік органдарына.
18.1. **Ілеспе хаттың шығыс нөмірі** ____________________________
18.2. **Өтінішті орындау үшін басқа органға жіберу күні "__" ________ 200_ ж.**
19. **Өтініш бойынша шешім:** (10) - **қанағаттандырылған;** (11) - жоғары тұрған органмен қанағаттандырылған; **бас тартылған:** (20) - 12-б. тәртібінде, (21) - басқа да негіздер бойынша; (30) - **түсіндірілген; қысқартылған:** (40) - 14-б. 7-т. тәртібінде, (41) - 11-б. 1-т. тәртібінде, (42) - өзге де негіздер бойынша; **іске қоса тігілген:** (50) - 5-б. 1-т. 1-т-шасы бойынша, (51) - 5-б. 1-т. 2-т-шасы бойынша, (52) - 10-б. 2-т-на сәйкес; (60) - бұрын берілген өтінішке **тіркелген**
20. **Қанағаттандырылған өтініштер бойынша қабылданған шаралар:** ________ (анықтамалық бойынша коды, 7-қосымша)
21. **Өтініштің орындалу мерзімі _____ күнге ұзартылған.**
22. **Өтініштің орындаушысы** ________________________________________
(субъекті қызметкерінің лауазымы, аты-жөні)

23. **Жүгінген тұлғаға жауапты жіберу күні** "__" ___________ 200 __ ж.
24. **Субъектінің ААЖ-не мәліметтерді енгізген** ___________________
(субъекті қызметкерінің лауазымы, аты-жөні)
25. **Есепке алу мәліметтерін ААЖ-не енгізу күні мен уақыты "__" __________ 200__ж. "___" сағ. "___" мин.**

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Ережесіне

**2-қосымша**

Жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу

**Ж У Р Н А Л Ы**

____________________________________________
(субъектінің атауы, лауазымды тұлғаның лауазымы)

| **т/т N** | Өтініштің келіп түскен күні, N № | Өтінішті жіберген субъектінің, лауазымды тұлғаның атауы | Өтініш берушінің аты-жөні (атауы), мекен-жайы | Өтініштің қысқаша мазмұны | Өтініш аумақтық органдарға және құрылымдық бөлімшелерге, басқа органдарға жіберілген | Өтінішті орындаушының аты-жөні | Шығыс нөмірі, өтініш берушіге жауапты жіберу күні | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** |

Басталды: Аяқталды:
Парақтар саны:
Маман:

Ескерту: 2-баған өтініш жоғары тұрған органнан немесе өзге мемлекеттік органнан, сондай-ақ Парламент немесе барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарынан келіп түскен жағдайда толтырылуы қажет.

Жеке және заңды тұлғалардың
өтініштерін есепке алу Ережесіне

**3-қосымша**

| |
|---|
| **Т а л о н ________________________________________** |
| **(Субъектінің, лауазымды тұлғаның атауы)** |
| **Құжатты (өтінішті) қабылдаған ______________________________** |
| **(маманның аты-жөні) "___"________ 200__ж. ___ сағ. ___ мин.** |

(размер 75мм х 55 мм)

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесіне

**4-қосымша**

Жүгінген тұлға мәртебесі кодтарының

**АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

01 - ҚР азаматы
02 - ұжым
03 - лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметші
04 - зейнеткер
05 - аноним
06 - депутат
07 - мүгедек
08 - ҰОС-ның ардагері, соған теңестірілген
09 - көп балалы
10 - кәсіпкер
11 - ҰОС-ның мүгедегі, соған теңестірілген
12 - еңбек ардагері
13 - резидент емес
14 - азаматтығы жоқ тұлға
15 - саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккендер
16 - саяси қуғын-сүргін құрбандарының өкілі
17 - оралман
18 - саяси баспана алған
19 - Кеңес Одағының Қаһарманы, Халық Қаһарманы
20 - кәмелетке толмаған тұлғаның, кәмелетке толған, бірақ әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаның қамқоршысы (қорғаушысы)
21 - жұмыссыз
22 - Чернобыль АЭС-ндағы апаттың салдарын жоюға қатысушы
23 - қоғамдық ұйым
24 - сотталған
25 - әскери қызметкер
26 - ұйым ардагері
27 - журналист
28 - мемлекеттік орган
29 - жергілікті өзін-өзі басқару органы
30 - мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесіне

**5-қосымша**

**өтініш себептері кодтарының**
**АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

01 - анықтаманы (ақпаратты) алу қажеттілігі

02 - құқықтар мен бостандықтарды іске асыруға мүмкіндік туғызу қажеттілігі

03 - заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің бұзылғандығы туралы, өтініштерді қарайтын субъектілердің, лауазымды тұлғалардың жұмысындағы кемшіліктер туралы хабарлама немесе олардың қызметін сынау

04 - мемлекеттік органның қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстар

05 - заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

06 - мемлекетпен өткізілетін ішкі және сыртқы саясатқа, сондай-ақ қоғамдық сипаттағы оқиғалар мен құбылыстарға қатынастың көрінісі

07 - бұрын берілген өтініштің ұзақ уақытта шешілуі

08 - субъектінің, лауазымды тұлғаның шешіміне шағымдану

10 - субъектінің, лауазымды тұлғаның шешіміне сотқа шағымдану (12-б. 2-бөлігі)

11 - әрекеттері шағымдалатын тұлғаға қарау үшін шағымның жолдануы (15-бап 2-тармағының 6-тармақшасы)

12 - өтініштің объективті шешілуіне мүдделі емес тұлғаға тексеруді жүктеу (15-бап 2-тармағының 7-тармақшасы)

13 - өтінішті берген немесе оның мүддесіне байланысты берілген тұлғаға залал келтіру (15-бап 2-тармағының 8-тармақшасы)

14 - жеке тұлғаның, соның ішінде заңды тұлғаның келісімінсіз оның мүддесінде сөз сөйлейтін жеке тұлғаның жеке өмірі туралы мәліметтерді жария ету (15-бап 2-тармағының 9-тармақшасы)

15 - бұзылған құқықтарды, бостандықтарды және заңды мүдделерді қайта құру немесе қорғау туралы, лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін жою, сондай-ақ субъектілердің заңсыз шешімдерін жою туралы басқа да талап-арыздар

16 - өзге де себептер

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесіне

**6-қосымша**

**Жеке және заңды тұлғалар өтініштері мәселелерінің жіктегіші**

0200000 - мемлекеттік басқарудың, қызметтің және адам құқықтарының мәселелері

0201000 - мемлекеттік басқару, қызмет заңдарының мәселелері

0202000 - мемлекеттік қызметкердің (субъектінің лауазымды тұлғасының) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауы

0202001 - сыбайлас жемқорлық мәселелері

0203000 - субъектінің қызметі

0203001 - бақылау және қадағалау функциялары

0203002 - жеке (заңды) тұлғаның өтінішін қарау тәртібін сақтау

0204000 - адам құқығы

0204001 - кәмелетке толмағанның құқығы

0204002 - әйел құқығы

0205000 - кәсіпкерлік туралы

0206000 - 0200000 бөлімінің басқа да мәселелері

0300000 - саяси партиялардың мәселелері

0400000 - қоғамдық және діни бірлестіктердің мәселелері

0500000 - мемлекеттік мүліктің мәселелері

0600000 - жылжымайтын мүліктің мәселелері

0601000 - ғимаратты жалдау

0700000 - жердің және жерді пайдаланудың мәселелері

0701000 - жер және жерді пайдалану туралы заңдардың мәселелері

0702000 - жер ресурстары және жер қойнауын пайдалану

0703000 - жер пайын бөліп беру

0704000 - жер учаскелерін беру

0704001 - жер учаскелерін жеке тұрғын үй құрылысына беру

0704002 - жер учаскелерін көп пәтерлі үй құрылысына беру

0704003 - жер учаскелерін коммерциялық жылжымайтын мүліктің құрылысына беру

0704004 - жерді жалдау

0705000 - 0700000 бөлімінің басқа да мәселелері

0800000 - меншіктің басқа да мәселелері

0801000 - жекешелендіру туралы

0900000 - экономика және бюджетті жоспарлау мәселелері

0901000 - бюджетті жоспарлау

0902000 - инвестициялар

0903000 - мемлекеттік активтер

0904000 - бірыңғай бюджеттік жіктеу
0905000 - 0900000 бөлімінің басқа да мәселелері
1000000 - еңбек және халықты жұмыспен қамту мәселелері
1001000 - еңбек және халықты жұмыспен қамту туралы заңдар мәселелері
1002000 - кәсіби оқыту және біліктілікті жоғарылату
1003000 - жұмыспен қамтамасыз ету және жұмыстан шығару
1004000 - әлеуметтік және зейнетақы төлемдерін аудармау
1005000 - еңбекті нормалау
1006000 - шетел жұмыс күшін тарту
1007000 - еңбекақы төлеу
1008000 - еңбек қауіпсіздігі
1009000 - 1000000 бөлімінің басқа да мәселелері
1100000 - неке мен отбасы мәселелері
1101000 - неке және отбасы туралы заңдардың мәселелері
1102000 - некеге тұру
1103000 - некені бұзу
1104000 - неке және отбасы саласындағы құжаттарды алу
1105000 - 1100000 бөлімінің басқа да мәселелері
1200000 - әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері
1201000 - әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңдардың мәселелері
1202000 - ақшалай баламада материалдық көмек алу туралы
1203000 - материалдық көмекті басқаша түрде алу (тауарлар, қызмет көрсетулер және басқа да түрде) және басқа көмек алу туралы
1204000 - мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық қосалқы (өтеуші) құралдармен және қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша
1205000 - зейнетақы қорлары мәселелері
1206000 - жеңілдіктер беру
1207000 - емделуді ұйымдастыруға көмек көрсету
1208000 - өтемақы және жәрдемақы төлеу
1209000 - 1200000 бөлімінің басқа да мәселелері
1300000 - салықтар және бюджетке арналған басқа төлемдер мәселелері
1301000 - салықтар және бюджетке арналған басқа төлемдер туралы заңдардың мәселелері
1302000 - салық төлеушілерді есепке алу бойынша
1302001 - салық төлеушілерді есепке қою бойынша
1302002 - салық төлеушілерді есептен шығару бойынша
1302003 - ҚҚС бойынша есепке қою және есептен шығару

1302004 - ЖК патентін рәсімдеуге
1303000 - салық және бюджетке арналған басқа төлемдер бойынша
1303001 - төлемдерді аудару бойынша
1303002 - төлемдерді қайтару бойынша
1303003 - арнайы салық режимін қолдану туралы
1303004 - арнайы салық режимін қолдануды қысқарту туралы
1304000 - 1300000 бөлімінің басқа да мәселелері
1400000 - банк қызметі мәселелері
1401000 - банк қызметі туралы заңдардың мәселелері
1402000 - инфляция, қайта қаржыландырудың ресми ставкасы
1402001 - қолма-қол ақшалай айналым
1402002 - валюталық бақылау, валюталық реттеу
1402003 - төлем жүйелері, банк шоты және ақша аудару мәселелері
1402004 - бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік
1403000 - мұрағат
1404000 - 1400000 бөлімінің басқа да мәселелері
1500000 - сақтандыру қызметі мәселелері
1600000 - кеден қызметі мәселелері
1601000 - кеден қызметі саласындағы заңдардың мәселелері
1602000 - сыртқы экономикалық қызметке қатысушы ретінде тіркеу туралы
1603000 - жеңіл автокөлікті сырттан әкелуге байланысты кепілдік міндеттерді беру туралы
1604000 - саукат жіберуге рұқсат ету туралы
1605000 - жүкті жеткізу мерзімін ұзарту туралы
1606000 - кеден құнына түзету жасау туралы
1607000 - тауарларды рәсімдеу және т.б.
1608000 - тарифтердің реттелуі
1609000 - 1600000 бөлімінің басқа да мәселелері
1700000 - қаржы қызметінің басқа да мәселелері
1701000 - қаржы ұйымдарының қызметі туралы
1702000 - жинақтау зейнетақы қорларының қызметі туралы
1703000 - құнды қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының қызметі туралы
1704000 - инвестициялық қорлардың қызметі туралы
1705000 - мемлекеттік органның, заңды тұлғаның қаржылық қызметі туралы
1705001 - банкроттық туралы
1706000 - 1700000 бөлімінің басқа да мәселелері
1800000 - қызмет түріне лицензия беру және құқықтары мәселелері
1801000 - лицензия беру туралы заңдар бойынша
1802000 - қызмет түріне лицензия немесе құқық алуға

1802001 - өнеркәсіп саласында
1802002 - атомдық энергияны пайдалану саласында
1802003 - улы заттардың айналымы саласында
1802004 - техникалық қауіпсіздік саласында
1802005 - көлік саласында
1802006 - есірткі, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымы саласында
1802007 - ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында
1802008 - шұғыл-іздестіру іс-шараларын өткізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласында
1802009 - қару-жарақтың, әскери техниканың және қарудың жеке түрлерінің, жарылғыш заттар мен соларды қолдану арқылы жасалған бұйымдардың айналымы саласында
1802010 - ғарыш кеңістігін пайдалану саласында
1802011 - ақпараттандыру және байланыс саласында
1802012 - білім саласында
1802013 - бұқаралық ақпарат құралдары саласында
1802014 - ауыл және орман шаруашылығы, жерге қоныстандыру, геодезия және картография саласында
1802015 - денсаулық сақтау саласында
1802016 - жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласында
1802017 - ойын бизнесі саласында
1802018 - ветеринария саласында
1802019 - сот-сараптамасы қызметі саласында
1802020 - мәдениет саласында
1802021 - қаржы ресурстарын шоғырландырумен байланысты қаржы қызметі саласында
1802022 - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында
1802023 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындау саласында
1802024 - кеден ісі саласында
1802025 - этил спирті және алкоголь өнімін өндіру және олардың айналымы, темекі бұйымдарын өндіру саласында
